

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ  
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО  
КУЛЬТУРЫ И СПОРТА  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы  
Есіл ауданы, Мәңгілік Ел данғылы, 8 үй,  
“Министрліктер үйі” ғимараты, № 15 кіреберіс  
тел. 8 (7172) 74 04 29, кеңсе 8 (7172) 74 12 62  
e-mail: kense@msm.gov.kz

010000, город Астана,  
Есильский район, проспект Мәңгілік Ел, дом 8  
здание “Дом министерств”, подъезд № 15  
тел. 8 (7172) 74 4 29, канцелярия 8 (7172) 74 12 62  
e-mail: kense@msm.gov.kz

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің «Қазақстан  
халық партиясы» Фракциясының  
депутаттары:  
К. Сейтжанға  
М. Магеррамовқа  
Г. Танашеваға  
И. Смирноваға  
И. Сұңқарға  
Жалпыұлттық социал-  
демократиялық партиясы  
фракциясының депутаты  
А. Сағандықоваға  
Бір мандатты сайлау округі  
бойынша сайланған депутат  
Б. Базарбекке

2023 жылғы 26 сәуірдегі  
№ Д/С-100-депутаттық сауалға

**Құрметті депутаттар!**

Қазақстан Республикасының Үкіметі Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхананың жалға алып отырған ғимаратын мемлекет меншігіне сатып алу туралы депутаттық сауалға сәйкес келесіні хабарлайды.

Бүгінде ерекше қажеттілігі бар адамдарға кедергісіз орта қалыптастыру, басқа адамдармен теңдей қоғамның барлық объектілеріне еш кедергісіз қолжетімділікті қалыптастыру мәселесі қоғамда өзекті.

Осы ретте арнайы кітапхана ерекше қажеттілігі бар оқырмандардың рухани қарым қатынасын нығайтуға, бос уақытын тиімді өткізуге арналған мәдениет ұйымы болып табылатыны белгілі.

Республика бойынша Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана (бұдан әрі – Республикалық кітапхана), сондай-ақ Жамбыл, Батыс Қазақстан, Жетісу, Ақтөбе, Абай облыстары мен Шымкент қаласының арнайы кітапханалары «Қазақ соқырлар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің (бұдан әрі – Қоғам) меншігіндегі үй-жайларды жалға алып келеді.

Ағымдағы жылы Қоғам аталған кітапханаларға үй-жайларды жалға беру ақысын 30 %-ға арттырып, соның ішінде Республикалық кітапхананың жалға алып отырған үй-жайының жылдық құнын 67 млн теңгеге дейін көтеріп отыр (*республикалық бюджетте жыл сайын қарастырылған сома 47 млн. теңге*).

Бұл ретте Қоғам ағымдағы жылға Республикалық кітапхананың үй-жайын жалға алу шартын ұзартудан бас тартып, жалға алу құнын өтеуді сот арқылы талап етуде.

Кітапхана орналасқан аумақ зағип және нашар көретін оқырмандар үшін ыңғайлы, әрі үйреншікті орта болып табылады (*соның ішінде Кітапханаға жақын аумақтағы көшенің қиылысында оқырмандар үшін тактильді жолдар, дыбыс бағдарламдары орнатылған*), сондай-ақ бұл аумақта кітапхана үшін бейімделген өзге ғимараттың болмауын атап өткен жөн.

Республикалық кітапхана мен Қоғам а.ж. 1 қаңтар мен 30 маусым аралығында жалға алуды (2083 м<sup>2</sup>) бұрынғы құны бойынша, ал а.ж. 1 шілдеден бастап үй-жай алаңының аумағын 1783 м<sup>2</sup>-ге дейін азайту арқылы республикалық бюджетте қарастырылған 47,2 млн теңге шегінде жаңа бағамен төлем жасау жөнінде келісімге қол жеткізді.

Бұл ретте ғимаратта пайдаланатын үй-жайлардың аумағын уақытша қысқарту (*«Өнер» залы 262 м<sup>2</sup>, әкімшілік персоналдың жұмыс орындары – жалпы 5 адам*) Кітапхана қызметкерлерінің қалыпты жұмыс жағдайы мен оқырмандардың қажетті кітапханалық қызметті алуына кері әсер етпейтін болады.

Өз кезегінде тараптардың келісіміне сәйкес осыған дейін жалға алып келген үй-жайлардың (2083 м<sup>2</sup>) өзгертілген құны бойынша 67,4 млн. теңгеге бюджеттік өтінім Министрліктің 2024-2026 жылдарға арналған бюджетін жоспарлау барысында Республикалық бюджеттік комиссияның қарауына жолданды.

Сонымен қатар Алматы қаласының әкімдігі Кітапхананы орналастыруға қолайлы объектілерді бақылау үшін жалға берілетін объектілер бойынша ақпарат e-qazupa.kz веб-порталында мониторинг жүргізетінін жеткізіп отыр.

Бұдан басқа Ақтөбе облысының әкімдігі Облыстық зағиптар және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы Қоғамға тиесілі оқу өндірістік мекемесінің аумағында орналасқан көлемі 300 м<sup>2</sup> құрайтын ғимаратты 1990 жылдан бері жалға алып келуде. Бұл ретте 2024-2025 жылдар аралығында салынуы жоспарланған С.Бәйішев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы жаңа ғимаратқа көшкен жағдайда, босаған ғимаратқа облыстық зағиптар және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасын көшіру мәселесі қаралатын болады.

**Батыс Қазақстан** облысының зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы Орал қаласында Қоғамға тиесілі ғимаратта аумағы 330,8 м<sup>2</sup> үй-жайларды жыл сайын жалға алып келеді. Бұл ретте кітапханаға жақын жерде облыстық көру қабілеті бұзылған балаларға арналған арнаулы мектеп-интернаты орналасқандықтан, балалардың кітапханаға қатынасуына ыңғайлы қолжетімді болып отыр.

Арнайы кітапхана үшін дербес бейімделген ғимарат қарастыру мәселесі Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің назарында.

**Жамбыл** облыстық көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтар кітапханасы Тараз қаласында Қоғамға тиесілі ғимаратта аумағы 389,63 м<sup>2</sup> үй-жайларды жалға алып отыр. 2020 жылы арнайы кітапханада Қоғам тарапынан 2,9 млн. теңгеге ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген.

Сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі жандарға қолжетімді орта қалыптастырып, кітап қорын сақтауға, кедергісіз жұмыс істеуге жағдай жасау үшін арнайы кітапхананы заманауи талаптарға сай келетін жеке ғимаратқа көшіру мақсатында Тараз қаласы аумағынан бос ғимараттарды қарастыру жұмыстары жүргізілуде.

Жоғарыда аталғандардың негізінде зағип және нашар көретін азаматтарға арналған кітапханалардың қызметі ұдайы мемлекеттің назарында екенін және бұл бағыттағы жұмыстар қолданыстағы заңнама аясында жалғасын табатын болады.

**Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және спорт министрі**

**А. Оралов**